



**ШЕШІМ**

**РЕШЕНИЕ**

2020 жылғы 5 ақпаны

№ 405

Қандыағаш қаласы

город Кандыағаш

**Мұғалжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2020 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2020 жылға келесідей әлеуметтік қолдау көрсетілсін:

1) жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;  
2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. «Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Мұғалжар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы**

**К. Тукешев**

**Мұғалжар аудандық  
мәслихатының хатшысы**

**Р. Мусенова**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 10.02.2020

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік  
тіркеудің тізіліміне № 6802 болып енгізілді

Результаты согласования

маслихат Мугалжарского района - Председатель сессии Мугалжарского районного маслихата Кулахмет Утемисович Тукешев, 05.02.2020 17:22:35, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

маслихат Мугалжарского района - Секретарь Мугалжарского районного маслихата Роза Наурызбаевна Мусенова, 05.02.2020 17:23:48, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

маслихат Мугалжарского района - Председатель сессии Мугалжарского районного маслихата Кулахмет Утемисович Тукешев, 05.02.2020 17:27:20, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Актыобинской области - Руководитель департамента юстиции Актыобинской области Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 07.02.2020 17:06:44, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6802 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 10.02.2020.